

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ**  
**ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ**  
**PEDAGOGICS AND PSYCHOLOGY**

**FTAMP 14.35.09**

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДУАЛДЫ ОҚЫТУҒА КӘСІБИ БЕЙІМДЕУДІҢ  
МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ**

**МАМЕДОВ Р.А<sup>1</sup>., ЖОЛДАСБЕКОВА С.А<sup>2</sup>., АЛДЕШОВ С.Е<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>SilkWay халықаралық университеті*

*2 М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.*

**Аңдатпа.** Мақалада болашақ педагогтарды дуалды оқытуға кәсіби бейімдеудің маңызы мен мазмұны ашып көрсетілді. Сонымен қатар, болашақ педагогтарды дуалды оқытуға кәсіби бейімдеудің әдістемелік қамтамасыз етілуі ашып көрсетілді. Қазіргі заманғы жоғары технологиялық өндіріске мамандар даярлаудың қолданбалы дуалды жүйесі туралы мәліметтер берілді. Заман ағымына ілесу үшін мұғалім жай сабақ өткізуге, оқу материалын таңдауға, оны құрылымдауға және оқытудың жаңа технологияларын таңдауға шығармашылықпен қарауға міндетті.

Заман ағымына ілесу үшін мұғалім жай сабақ өткізуге, оқу материалын таңдауға, оны құрылымдауға және оқытудың жаңа технологияларын таңдауға шығармашылықпен қарауға міндетті.

**Кілт сөздер:** болашақ педагогтар, дуалды оқыту, кәсіби бейімдеу, мазмұн, әдістемелік қамтамасыз ету.

**Аннотация.** В статье раскрыто содержание и значение профессиональной адаптации будущих педагогов к дуальному обучению. Кроме того, раскрыто методическое обеспечение профессиональной адаптации будущих педагогов к дуальному обучению. Даны сведения о прикладной дуальной системе подготовки специалистов для современного высокотехнологичного производства. Чтобы следовать веяниям времени, учитель обязан просто проводить уроки, творчески подходить к выбору учебного материала, его структурированию и выбору новых технологий обучения.

Чтобы следовать веяниям времени, учитель обязан просто проводить уроки, творчески подходить к выбору учебного материала, его структурированию и выбору новых технологий обучения.

**Ключевые слова:** будущие педагоги, дуальное обучение, профессиональная адаптация, содержание, методическое обеспечение.

**Annotation.** The article reveals the importance and content of professional adaptation of future teachers to dual training. In addition, methodological support for professional adaptation of future teachers to dual training was revealed. Information about the applied dual system of training specialists for modern high-tech production was provided. To keep up with the current of time, the teacher is obliged to conduct a simple lesson, creatively approach the choice of educational material, structure it and choose new learning technologies.

To keep up with the current of time, the teacher is obliged to conduct a simple lesson, creatively approach the choice of educational material, structure it and choose new learning technologies.

**Key words:** future teachers, dual training, professional adaptation, content, methodological support.

## **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Н.Ә. Назарбаевтың қазіргі кезеңде еңбек құндылығының мәртебесінің арта түскендігін заманауи қоғамның әрбір азаматының түсінуі тиіс екендігін, бұл - болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің кілті екендігін атап өткен. Әрі Қазақстандық жоғары білім беру жүйесі Еуропалық жоғары білім беру аймағының және ТМД елдерінің кеңістігінің бөлігі болғандықтан, Орта Азия жоғары білім беру аймағын құру жұмыстары ерекше маңыздылығын көрсеткен [1].

### *Негізгі бөлім*

Дуальді оқыту инновациялық сипатымен кәсіптік білім беру жүйесіндегі орны, ролі, сонымен қатар болашақ мамандарды даярлауда өндіріс саласы мен кәсіптік білім беру мекемелерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде жүзеге асыру туралы бірқатар ғалымдар тұжырым жасаған.

Өндірістік оқытуда – оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында, сонымен қатар мамандығына сай келетін тікелей өндіріс орындарында жүзеге асатын кәсіптік білім беру бөлігі болып табылады.

Болашақ мұғалім практика барысында еңбек үдерісінде, өндірістік еңбекке тікелей қатысуы арқылы қарапайым еңбек дағдылары мен іскерліктерін меңгереді, кәсіби тәжірибе жинақтайды, еңбек адамына деген дұрыс көзқарасы қалыптасады. Дуальді оқыту бойынша кәсіпорын тарапынан бекітілген тәлімгер-шебер болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында кәсіптік тәрбие беру үдерісін жүзеге асырады.

Кәсіпорында оқыту қазіргі заманғы техникалық талаптарға сай, заманауи машиналар мен жабдықтармен жұмыс жасап өтеді

Студенттер ірі кәсіпорындардың оқу шеберханаларында және тікелей жұмыс орындарында жаттығады. Шағын кәсіпорында шәкірттер мамандықты бірден жұмыс орнында үйренеді. Дуальді оқыту -теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы болып саналады.

Дуальды жүйе жаңа жұмыс бағыттары бойынша кәсіптік оқытудың және дәстүрлі кәсіптік оқытуды ұйымдастыруды жаңартудың арқасында үнемі дамып отырады. Соңғы жылдары жаңа білім беру мамандықтары ақпараттық технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыстылығы артуда [2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттің, жұмыс берушілер мен оқу орындарының жауапкершілігін көздейтін, кадрларды даярлауды ұйымдастыру формаларының бірі ретінде қарастырылатын «ынтымақтастық оқыту» ұғымына ерекше мән берілуде. [3]. Л.А. Ядвиршис еңбегінде болашақ мұғалімді даярлаудың мазмұны кәсіптік

педагогикалық білім берудегі жетекші тенденцияларын қамтиды - бұл болашақ мұғалімнің жеке дамуындағы білім, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруды зерттейді, әрі мұғалімнің кәсіби даярлаудың үш компонентін көрсетеді: мұғалімді әлеуметтік тұлға ретінде, типтік тұлға ретінде, нақты тұлға ретінде дайындығы, басқаша айтқанда, бұл мұғалімнің әлеуметтік-мәдени, жеке кәсіби және кәсіби-қызметтік бағытқа даярлығын бөліп көрсетеді [4]. Л.А Ядвиршистің пікірінше «кез-келген мұғалімнің кәсіби даярлығы кезең-кезеңімен қалыптасады, бұл білімсіздіктен білімге, болашақ кәсібін игеруге көшу процесі, мұның өзі әлеуметтік-педагогикалық қызметке даярлықтың төрт кезеңіне бөлінеді: бейімделу және танысу (I курс), іздеу және ақпарат (II - III курстар), практикалық модельдеу (IV - V курстар), аналитикалық және жалпылау (V курс).

Бұл болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының жағдайын сипаттайды және жалпы қызмет түрлерін қалыптастырумен, жалпы педагогикалық білімді игерумен байланысты. Жүйелі білім беру негізінде мамандық бойынша кәсіби білім жетілдірілуде, оған оқу іс-әрекетінің жалпы әдістері мен академиялық пән бойынша студенттерді оқытудың арнайы әдістері кіреді. Арнайы білім беруде пән бойынша білім, іскерлікпен дағдылары жетілдіріледі, яғни нақты білім мен дағдылар, пәндік құзыреттіліктері қалыптасады.

Көптеген ұйымдар болашақ мұғалімдерге мамандық туралы теориялық ақпарат алуды ғана емес, сонымен қатар тәжірибе барысында әріптестерімен өзара әрекеттесудің баға жетпес тәжірибесін меңгеруді ұсынады. Әдетте, бейімделу бағдарламасы келесі тармақтарды қамтиды:

- білім беру мекеме бөлімшелерінде өндірістік және функционалдық практикадан өту;
- тағылымдама жетекшісімен кездесуді және жеке бейімдеу жоспарын бекітуді болжайтын әлеуетті жас педагогтің әлеуметтік бейімделуі;
- тәлімгердің басшылығымен тағылымдаманы қамтитын жұмыс орнындағы кәсіптік бейімдеу;
- ғылыми кеңестер мен конференцияларға қатысу;
- ғылыми және шығармашылық жұмысқа қатысу және жұмыс орнында басшының тапсырмаларын орындау, нәтижесінде кәсіби бейімделуді талдау және резервке қосу, оның барысында маманның әлеуеті мен оның жеке үлесі, кәсіби ұсыну мүмкіндігі бағаланады [5].

Білім беру мекемелері, айталық бала бақшада болашақ педагогты дуальды оқытуға байланысты айтарлықтай шығындар туындайды, дегенімен оқыту үдерісін ұйымдастыруға жағдайлар жасалады, өйткені олар сапалы кәсіптік оқыту үшін құны жақсы капитал салымы қажет екенін жақсы біледі. Сонымен бірге олар тек оқу нәтижелеріне ғана емес, білім беру мазмұны, ұйымдастырылуы және т.б. мәселелеріне қызығушылық танытады. Бұл дуалды

жүйенің алшақтықты жоюға мүмкіндік беретін кәсіптік білім беруді ұйымдастырудың үлгісі ретіндегі маңыздылығын анықтайды, кәсіби кадрларды даярлау жөніндегі өндірістік және білім беру салалары арасындағы қатынастардың дәйектілігі үшін маңызды.

Неміс зерттеушілерінің (А. Шелтен, К.В. Штратман, Н. Стегманн және т.б.) еңбектерін талдау көрсеткендей, дуальды жүйе кәсіптік оқытудың өндірістік сектормен тығыз байланысын және өзара әрекеттесуін, өзгеріп отырған қажеттіліктерге уақытылы жауап беруді және даму тенденцияларын ескере отырып қамтамасыз етеді [6,7,8]. Сонымен қатар Р.Х. Шакурова кәсіби іс-әрекеттің мотивациясын талқылайды [9], Е.А. Корчагин мен Л.Н.Самолдина техникалық профильдегі орта кәсіптік оқу орындарының студенттерін кәсіптік даярлаудың мазмұнын және орта кәсіптік оқу орындарының студенттерінде мақсатты кәсіптік оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жобалау мәселелерін атап көрсетеді [10, 11]; ғылыми-білім беру кластері жағдайында жоғары технологиялық өндірістер үшін мамандарды арнайы және практикалық даярлауға арналған технологияларды жобалау ерекшеліктерінің мәселесі [12]; техникалық жоғары оқу орындары үшін инженерлік-оқытушылық құрамды даярлаудың дуальды жүйесі (Романов. С.П.) [13]; мектептегі білім берудің жаңа моделі ретінде нәтижеге бағытталған білім беру (М.Ж. Жадрин) [14]; дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері [15]; нәтижеге бағытталған білім берудегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру (Жайтапова А.А.) [16]; жан-жақты қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы No 107 бұйрығына сәйкес кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелері мен ұйымдарды практика негіздері ретінде айқындау ережелері, «Өндірістік практиканың мақсаты - кәсіби құзыреттілікті шоғырландыру, кәсіптік қызметте практикалық дағдылар мен тәжірибе жинақтау мүмкіндіктері көрсетілген. Өндірістік практиканың негізгі міндеттері: мамандық бойынша кәсіби қызмет түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін зерттеу; теориялық білімді бекіту және осының негізінде кәсіби шеберлік, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру; инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін игеру; ұйымдастырушылық және кәсіби тәжірибені жинақтау; ұжымдық басқару дағдыларын, корпоративті басқару қағидаларының құзыреттіліктерін игеру; өз іс-әрекетін өз бетінше жоспарлау, әріптестерімен пайдалы байланыс орнату, кәсіби рөлдік позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру дағдыларын игеру болып табылады.

Мамандыққа байланысты оқу практикасы оқу және оқу-өндірістік шеберханаларында, оқу шаруашылықтарында, оқу-эксперимент алаңдарында және оқу мекемесінің басқа оқу

және көмекші объектілерінде, білім беру мекемелерінде дуальды оқытады, ол кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде жүзеге асырылады.

Практиканың әр түрі үшін ұзақтығы, кезеңі, студенттер іс-әрекетінің түрлері, практика объектілері, мамандықтар мен лауазымдар тізімі көрсетілген.

Әзірленген жұмыс жоспары базалық кәсіпорынмен өзара әрекеттесуді үйлестіруге ықпал етеді және тәжірибені ұйымдастырудағы стратегиялық бағыты анықтайды.

Оқу процесінің кестесі дуальды оқыту жүйесінің идеясын көрсетеді, яғни студенттерге теория мен практиканың қатар өтуін қамтамасыз етеді. Студенттердің уақыт бюджетін ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, сонымен қатар өндіріс мүдделерін ескеруі қажет. Мәселен апта күндері бойынша оқу процесінің кестесі көрсетіліп отыр (Кесте 1,2,3).

Кесте 1. Апта күндері бойынша оқу процесінің кестесінің кестесі. 1 нұсқа

Семестрдің бірінші жартысы							Семестрдің екінші жартысы					
1	2	3	4	5	6	Апта күндері	1	2	3	4	5	6
Т	Т	Т	Т	Т	Т	8 сағат	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Т

Теория 30 сағат. Практика 30 сағат .

Кесте 2. Апта күндері бойынша оқу процесінің кестесінің кестесі. 2 нұсқа

Апта күндері	1	2	3	4	5	6
2 сағат	Пр	Пр	Пр	Пр		Г
1 сағат	Т	1	1	1		

Практика 30 сағат. Теория 13 сағат.

Кесте 3. Апта күндері бойынша оқу процесінің кестесі. 3 нұсқа

Апта күндері	1	2	3	4	5	6
6 сағат	Т	Т	Т	Пр	Пр	Пр

Практика 60 сағат. Теория 30 сағат.

Оқу процесінің кестесін апта күніне арналған нұсқалары төменде келтірілген. Мәселен, 3-нұсқа бойынша жұмыс тәжірибесі аптаның алғашқы үш күні практикада өтті, ал келесі 3 күн ЖОО-да теорияны оқитын оқу процесі үшін ең оңтайлы екендігі анықталды. Бұл нұсқа барлық талаптарға сай келеді және қазіргі уақытта студенттер 6, 7 семестрлерде кәсіби педагогикалық дағдыларды игеру практикасында болғанда сәтті қолданылады. Мұнда өндірістік фактор бірінші орынға шығады, өйткені мамандық бейіні бойынша практика кезінде студенттердің көпшілігі тұрақты қызметтерді атқарады. Сондықтан 2-семестрдегі 3-курстың оқу үдерісінің кестесі 1-нұсқа бойынша, ал 4-ші курста 2-нұсқа бойынша құрылады.

Жоғары деңгейдегі өндірістік (кәсіптік) практиканы әдістемелік қолдау әлеуметтік серіктестің қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, терең кәсіби дайындық мәселесін шешуге бағытталған. Оқытудың дуальды жүйесімен қатар, параллель оқу кезінде теория мен практиканың өзара енуіне байланысты студенттердің мамандықты игеруге деген қызығушылығын арттыру үшін қосымша жағдайлар жасалады. Эксперимент барысында әдістемелік құжаттама жасалады және түзетіледі. Мамандық пен бакалавриат практикасы бейіні бойынша практикаға арналған әдістемелік қамтамасыз етілді.

Мекеме мамандары: тәлімгерлер, өндірістік оқыту нұсқаушылары, тәжірибе жетекшілері және эксперименттің басқа қатысушылары үшін практикаға бағытталған оқытуды әдістемелік қолдау жасалды.

ЖОО мен бала бақша арасындағы тәжірибе жетекшілеріне арналған бірлескен семинарлар өткізіледі. Білім алушыларға практикалық сабақты жоғары деңгейде ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеруді қажет етеді:

- практиканың ұзақтығын айтарлықтай жоғарылату;
- тәжірибенің мазмұнын өзгерту;
- тәжірибе үшін қалыптасқан стереотиптер бар, оларды өзгерту қажет;
- өндіріс үшін мамандар даярлаудағы тәжірибенің рөлі өсті.

Студенттердің мамандыққа деген қызығушылығын арттыруда мекемедегі еңбек жағдайының қаншалықты тартымды болатындығы маңызды рөл атқарады. Бұған әр тыңдаушыға оның бейімділігін ескере отырып, жұмыс орындарын мұқият таңдауға көмектеседі. Бұл үшін базалық компанияның әлеуеті жеткілікті.

Жалақы - бұл практикаға қызығушылықты оятудың алғышарты. Базалық кәсіпорын студенттерді өнімді еңбекке баулуға мүдделі, бұл үшін тиісті жағдайлар жасалған. Алайда, студенттердің жүктемесінде проблема бар.

Студенттерге кәсіпорындағы қолданыстағы ережелерге сәйкес орындалған жұмыстар үшін ақы төленеді. Жалақы мөлшері студенттерді қанағаттандырмаса да, еңбекақы төлеу фактісінің өзі оларды қуантты.

Педагогтың шығармашылық қызметі - оқу үдерісінде мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін барлық әдістерді ұтымды пайдалануында. Білім беру бағдарламасына элективті пәндер енгізу, әр пән сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін енгізу, студенттің өз бетінше шығармашылық жұмысы, өзін-өзі бақылау әдістерін белсенді қолдануды көздейді.

Сабақтың стандартты емес түрі студенттің оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған икемді өзгермелі құрылымға ие. Мұнда инновациялық білім беру технологиялары айқын көрінеді - бұл сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы «қиындық - түсіну - рефлексия» моделін құруға

негізделген. Осы мақсатта сыныпта оқу процесін өндіріске толық жақындатуды қамтамасыз ететін «жұмыс рөлін орындай отырып тағылымдама» белсенді оқыту әдісі жиі қолданылады. Рөлдік ойындар үшін әдеттегі кәсіби жағдайлар алынады: «Жоспарланған тапсырманы орындау барысында процесті ұйымдастырудағы шебердің рөлі». Проблемалық модуль салынууда - адамның өз тәжірибесін қайта ойластыруы және қайта құруы, яғни мәжбүрлеместен өмірлік тәжірибеге сүйенуі. Сонда студенттер өздеріне деген сенімділікті дамытады, өз идеяларының жетістігін түсінеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы ойын сәттерін қолдана отырып оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қажет етеді. Ойын қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілетін дамытуға, ынтымақтастық ережелерін игеруге мүмкіндік береді.

Болашақ педагогтарды дуалды оқытуға әдістемелік қамтамасыз етілді:

Оқу жоспары, жұмыс бағдарламасы, барлық тақырыптар бойынша дәріс конспектілері; зертханалық және практикалық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар; өздік жұмыстарға арналған жеке тапсырмалар; бақылау материалдарының жиынтығы (тесттер, бақылау жұмысының нұсқалары, үйге тапсырма).

Сабақта ақпараттық (түсіндірмелі - иллюстративті) және практикалық әдістер қолданылады, жаңа материалды ұсыну, оның көмегімен білімді игерудің бірінші деңгейі қалыптасады. Ақпараттық әдіс әртүрлі презентацияларды ұсынады: мәтіндік презентация, суреттер, мультимедиялық құралдар. Практикалық әдіс компьютерде практикалық жаттығулардың орындалуын қамтамасыз етеді. Барлық практикалық тапсырмалардың міндетті бөлігі және қосымша бөлігі бар (күрделілігі жоғарылаған тапсырмалар). Білімді игерудің екінші деңгейін қалыптастыру үшін оқушылардың оқу іс-әрекетінің репродуктивті, ішінара іздеу және зерттеу әдістері қолданылады.

Осы пән шеңберінде ішінара модульдік оқыту технологиясының принциптері қолданылады. Модульдік жүйе оқу материалын белгілі бір бөліктерге бөлуді қарастырады. Студенттер не үйрену керектігін, модульді оқығаннан кейін қандай дәрежеде және не істей алуы керек екенін жақсы біледі. Модульдік оқыту принциптерін қолдануда өндірістік қажеттілікке байланысты студенттер сабаққа қатысуды 100% қамтамасыз ете алмайды, олар жеке кестемен айналысады. Модульді оқудың уақытын студенттер жеке мүмкіндіктер мен қабілеттерге сәйкес белгілей алады немесе таңдай алады. Әр модульде нақты материалдар бар, әр модульде оқу материалының бөлігі қажетті келесі білім беру модульдері ерекшеленді:

- жобалық құжаттаманы дайындау модулі;
- технологиялық құжаттаманы әзірлеу модулі;

- бағдарламалық басқарумен технологиялық жабдықта өңдеуді жобалау модулі;
- жаңа бағдарламалық өнімдерді игеру модулі.

Студенттердің өзіндік жұмыстары келесі мақсаттарда ұйымдастырылған:

- студенттердің алған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын жүйелеу және бекіту;

- теориялық білімді тереңдету және кеңейту;

- нормативтік-анықтамалық құжаттарды, арнайы әдебиеттерді пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

- оқушылардың танымдық қабілеттері мен белсенділігін дамыту;

- өзіндік ойлауды қалыптастыру;

- зерттеу дағдыларын дамыту.

Эксперименттік топтарда жұмыс істейтін мұғалімдер:

- белсенділікке бағытталған тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін қолдану

- оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдану;

- студенттердің өзіндік жұмысының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану;

- білім беру үдерісіне компьютерлік технологияларды енгізу.

Сабақты жобалау кезінде мұғалім келесі компоненттерді басшыдыққа алды:

- мұғалім негізгі дидактикалық бірліктер арқылы мазмұнды, дидактикалық бірліктердің көлемі, ақпараттық және ақпараттық сыйымдылығы, ақпаратты ұсынудың логикалық құрылымы арқылы анықтау.

- сабақтың мақсаттарын (оқыту, дамыту, тәрбиелеу) құралдарды, формалар мен тәсілдерді анықтау.

- Сабақтың құрылымын дамытады және оның әр кезеңінің микро мақсаттарын анықтау.

- осы микро мақсаттарға жету жолдарын ойластыру (формалар, әдістер, тәсілдер, айқындылық, сабақ түрі мен типі, оның логикасы мен құрылымы қойылған мақсаттарға сәйкес келеді ме).

- Сабақтың әр кезеңіндегі студенттердің іс-әрекетін келесі міндеттерді шеше отырып жобалайды:

- мақсат қою үдерісіне студенттерді қалай қосу керек және олардың іс-әрекеттері үшін когнитивті және кәсіби маңызды мотивацияны қалай қамтамасыз ету керек;

- студенттердің белсенділігін қалай күшейту керек, шиеленісті қалай үйлестіру керек, эмоционалды жеңілдету, сараланған тәсілді қалай жүзеге асыруға болады, ашық сабақ кезінде олардың бірлескен іс-әрекетін қалай ұйымдастыруға болады,



- сабақтың әр кезеңінде студенттердің белсенділігі (репродуктивті, өнімді) қандай болуы керек,

- сабақ барысында студенттердің кәсіби іс-әрекетін дамытуды қалай ұйымдастыруға болады,

- студенттерді өзін-өзі бақылау және өз қызметінің нәтижелерін өзіндік талдау жүргізуді қалай ұйымдастыруға болады.

Танымдық іс-әрекеттің өнімділік деңгейін анықтау, оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бақылау (кері байланыс).

- сабақтың әр кезеңіне бөлінген уақытты реттей отырып, сабақ барысын жоспарлау.

- сабақты оңтайландыруға және көп көлемді ақпаратты қысқаша және көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік беретін оқыту құралдарын анықтау.

- қажетті жабдықты (сызбалар, кестелер, плакаттар, зертханалық жабдықтар, ТШО және т.б.) таңдау.

### ***Тұжырым***

Дуальды оқыту алтыншы және жетінші семестрде өткізіледі. Эксперименттік топтардың оқу процесінде міндеттерді шешуді жеңілдету үшін келесі формалар қолданылады:

1. Кәсіпорын цехтарына, бөлімшелер мен қызметтерге экскурсиялар.

2. Мекеме мен өндірістің базасын қолдана отырып, оқытылатын пәндердің жұмыс бағдарламаларында көзделген практикалық жұмыстарды орындау.

3. Кәсіпорынның мұражайына бару мен өндіріс, өндірілген өнімдердің дамуының тарихына шолу жасау, еңбек ұжымының әр түрлі даму кезеңдеріндегі қосқан үлесімен танысу.

4. Білім беру мекемелеріндегі білімгерлерге қойылатын талаптар мен оқу мазмұнымен танысу. Егер кәсіпорында дуальды оқыту жүзеге асырылса онда, кәсіпорын шығаратын қондырғылардың, тораптардың, нақты технологиялық процестердің, қолданылатын жабдықтардың, құрал-саймандардың, өндірістік-техникалық нұсқаулықтардың, мысалы, нақты өнімдердің конструкцияларын оқып үйрену.

3. Түлектің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға болашақ мамандардың адамдармен байланыс орнатуға, серіктестердің бастамалары мен ұсыныстарының орынды екендігіне сендіруге, жұмысшыларды ұйымдастыруға және біріктіруге көмектесетін, команда үшін қолайлы климат құра алатын терең білімді меңгеруі жатады. Сондықтан пәнді оқып-үйрену кезінде оның қолданбалы сипатына үнемі назар аударылады, зерттелген

теориялық позициялар мен практикалық дағдыларды болашақ практикалық қызметте қайда және қашан қолдануға болатындығы көрсетіледі. Сабақтарды өткізу үшін іскерлік және рөлдік ойындар сияқты білім беру түрлері қолданылады, өндірістік жағдайларды талдау, менеджменттің өзекті мәселелері бойынша пікірталастар өткізіліп, әлеуметтік-психологиялық тренингтер маңызды рөл атқарады.

Пәндерді оқытудағы барлық оқу қызметі оны жүзеге асыру процесінде пайда болатын пәннің өзін-өзі дамытуына бағытталған. Міне, сондықтан оқу іс-әрекетінің нәтижелері оның объективті нәтижелерімен (студенттің іс-әрекеті өнімінің пайдалылығы мен әлеуметтік маңыздылығы) емес, оны жүзеге асыру барысында студентпен болатын өзгерістермен бағаланады..

Қазіргі заманғы жоғары технологиялық өндіріске мамандар даярлаудың қолданбалы дуальды жүйесі тиімді пайдалануда:

- кәсіпорынның заманауи өндірістік базасында, мамандандырылған оқыту автоматтандырылған жабдықта жүргізіледі;

- тәжірибелі оқытушылар құрамы (жетекші мамандар оқытушы ретінде жұмыс істейді, сонымен қатар жоғары және бірінші біліктілік санатындағы оқытушылары);

-өз өндірісі үшін мамандарды даярлауға кәсіпорынның мүмкіндіктері болдады.

Кәсіби бейімделу түрлеріне мыналар жатады: әлеуметтік - яғни дуальды оқыту жүйесіне енуі, педагогикалық (тәрбие мен және оқытудың дуальды жүйесіне бейімделуі), ұйымдастырушылық, психофизиологиялық, функционалды (яғни кәсіби қызметтің талаптарына бейімделуі),

Болашақ мұғалімдердің дуальды оқытуда кәсіби бейімделу кезеңдері анықталды:

- дуальды оқыту жүйесіне көшу туралы ақпаратпен таныстыру.

- дәстүрлі білім беру жүйесінің ұстанымдары негізінде, дуальды білім берудің құндылықтарының жаңа жүйесіне бейімделуі.

- ассимиляция –дуальды оқытуға тән оқу және өндірістік ортаға бейімделуі.

- сәйкестендіруі – оқу орнындағы теориялық оқыту мақсаттарын кәсіпорында оқыту мақсаттарымен, жеке басының мақсаттарымен үйлестіруі болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. [inform.kz](http://www.inform.kz) [http://www.inform.kz/ru/nursultan-nazarbaev-kazakstannyn-aleumettik-zhangyrtyluy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam\\_a2478341](http://www.inform.kz/ru/nursultan-nazarbaev-kazakstannyn-aleumettik-zhangyrtyluy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam_a2478341)(интернет көздері)

2. Жолдасбекова С.А., Узакбаева С.А. Особенности подготовки будущих педагогов к дуальному обучению. Монография-Шымкент: «Әлем»,2017.-164 стр. (кітап)

3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
4. Ядвиршис Л.А. Профессиональная подготовка учителя к социально педагогической деятельности: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Брянск, 2001.-С 44.
5. Сингур А.А. Влияние адаптации работников на качество их труда /А.А. Сингур, В.В. Ефимов // Качество. Инновации. Образование. — 2010. — № 4. — с. 29–32.
6. Шелтен А. Введение в профессиональную педагогику: Учеб. пособие. Екатеринбург: Изд-во Урал. гос. проф.-пед. ун-та, 1996. - 288 с. (кітап)
7. Штратман К.В. Немецкая система профессионального образования и ее обучающий персонал // Понятийный аппарат педагогики и образования / Отв. ред. Е.В. Ткаченко; Урал. гос. пед. ун-т; Урал. гос. проф.-пед. ун-т. -Екатеринбург, 1995. - Вып. 1. С. 145-153(кітап)
- 8 Stegmann, H. Das duale System im Blickpunkt: Strukturen, Entwicklungen und zukuenftige Probleme in der betrieblichen Berufsausbildung // Materialien aus der Arbeitsmarkt- und Berufsforschung. 1986. - № 9. (журнал мақалалары)
- 9 Шакуров, Р.Х. Мотивация профессиональной деятельности: новые подходы /Р.Х. Шакуров / Среднее профессиональное образование: проблемы, поиски, решения. М.: «НВ Магистр», 1994. - 228 с. - С. 45-67. (журнал мақалалары)
- 10 Корчагин Е.А., Самолдина Л. Н. Содержание профессиональной подготовки студентов учреждений спо технического профиля: проектирование, реализация, основные проблемы.//Профессиональное образование в России и за рубежом Выпуск№2/2010 (журнал мақалалары)
- 11 Самолдина Л.Н. Проектирование научно-методического обеспечения целевой профессиональной подготовки в студентов ссуз/ Л.Р.Самолдина, К.В.Белова /Инновация в образовании. – 2007.-С.65-71. (кітап)
- 12 Самолдина Л.Н. Проектирование технологий специальной и практической подготовки специалистов для наукоемких производств в условиях научно-образовательного кластера: Материалы Международной научно-практической конференции (г.Казань, 21-22 апреля 2005года). - Казань:Школа, 2005.-С.196-199. (конференция материалдары)
- 13 Романов. С.П. Дуальная система подготовки инженерно-педагогических кадров для технических вузов: Монография. Оренбург: ОГУ, 2007.-280 с. (кітап)
- 14 Жадрина М.Ж. Образование, ориентированное на результат, как новая модель школьного образования.//Открытая школа, 2003, № 12 (25). - с. 3-6.
- 15 Нуржанбаева Ж.О. дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. 6D012000 – «Кәсіптік оқыту»

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Шымкент 2017.-155б.

16 Жайтапова А.А. Профессиональное развитие учителей в условиях образования, ориентированного на результат. //Материалы республиканского семинара «Образовательные стандарты общего среднего образования Республики Казахстан: состояние, поиск и перспективы». Алматы: КАО им. Ы. Алтынсарина, 2004. с.43 конференция материалдары)

## **МРНТИ 14.35.09**

### **ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТА**

**ХАЛИМУЛЛИНА Н.Р.**

*Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актөбе, Казахстан*

**Аңдатпа.** Мақалада кәсіби педагогикалық білім берудегі көкейтесті мәселелердің бірі құзіреттілік мәселесі қарастырылады. «Құзірет» және «құзіреттілік» ұғымдары анықталады. Құзіреттілік білім алушылардың меңгеретін белгілі бір анықталған, әлеуметтік қажетті іс-әрекеттер жиынтығын білдіретін білім берудің тікелей нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Құзіреттілікті қарастыру барысында алдыңғы орында оның құрылымы, құраушы сыңарлары мен олардың арасындағы өзара байланыс көрініс табады. Мамандар үшін ең маңызды құзіреттіліктерге мыналар жатады: кәсіби білім деңгейі мен көлемі көрініс беретін когнитивтік, кәсіби іс-әрекеттер саласы ретіндегі нормативтік, коммуникативтік, креативтік. Аталған құзіреттіліктер білімді инновациялық технологиялар арқылы беруді анықтауға, әдістемелік рефлексияны игеруге, сондай-ақ өздігінен білім алу дағдысын қалыптастыруға бағытталады.

**Түйін сөздер:** құзірет, құзіреттілік, академиялық құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік сипаттамасы, бағалау түрлері.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы, посвященные актуальной проблеме компетентностного подхода в педагогическом профессиональном образовании. Определяются сущность понятий «компетенция» и «компетентность». Компетентность понимается как результат образования, выраженный в овладении обучающимися социально востребованными способами деятельности. При рассмотрении компетенций первоочередными являются вопросы их структурной организации, определяющие компоненты и взаимосвязи между ними. Обязательные компетенции для специалистов включают: когнитивную как отражение объема и уровня профессиональных знаний; нормативную как сферу профессиональной деятельности; коммуникативную; креативную. Представленные компетенции направлены на определение возможности трансформировать знания в инновационные технологии, в умении владеть особенностями методологической рефлексии, а также навыками самостоятельного получения знаний и повышения квалификации.

**Ключевые слова:** компетенция, компетентность, академические компетенции, социальная компетенция, характеристики профессиональной компетентности, виды оценивания